

1 БӨЛІМ.
ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

РАЗДЕЛ 1.
ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

SECTION 1.
LINGUISTICS AND LITERARY STUDIES

FTAXP 17.71.91

[DOI: 10.52301/2957-5567-2025-4-4-9-20](https://doi.org/10.52301/2957-5567-2025-4-4-9-20)**А.А. Әбсадық**

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

 <https://orcid.org/0009-0001-7758-4812>

email: absadyk.aa@ksu.edu.kz

А.А. Макатова

А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті
Қостанай, Қазақстан

 <https://orcid.org/0000-0002-1657-029X>

email: makatovaayagov.99@mail.ru

«ТУРГАЙСКАЯ ГАЗЕТА» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫ

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарияланған «Тургайская газета» мерзімді басылымы зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Қазақ халқының фольклоры мен этнографиялық мұраларын сақтауда айрықша қызмет атқарған басылымның бірі. Мақалада «Тургайская газетаның» жарыққа шығу жолы мен басылымға жетекшілік еткен тұлғалар, газет бетінде жарияланған фольклорлық шығармалар талданады. Сондай-ақ басылым туралы тарихи деректер мен қазақ фольклор үлгілерінің жариялануы туралы тың ақпараттар ұсынылады. Мақаланы жазу барысында қазақ фольклор үлгілерін жинақтау, сипаттау және талдау әдістері басшылыққа алынды. Аталмыш газет қазақ фольклортану ғылымы үшін өзекті зерттеу нысаны болып саналады. Ғылыми мақалада басылымды тереңірек талдау жұмыстарының маңыздылығы көрсетіледі. Мақалада «Тургайская газета» жайында тың мағлұматтар ұсынылған. Соның ішінде қазақ фольклор үлгілерінің жариялануы және баспа бетінде таралуы туралы мәліметтер келтірілген. Сонымен қатар газетке редакциялық қызмет еткен тұлғалар мен олардың жариялаған мақалаларының тақырыптық ерекшеліктері сипатталды. Аталмыш басылым беттерінде қазақ халқының батырлары мен тарихи тұлғалардың өмірі мен ерліктері жайлы деректер, халық даналығы, аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер жүйелі жарияланған. Қазақ фольклор үлгілері қамтылған мысалдар

This is an Open Access article distributed under the terms of the Creative Commons Attribution License, which permits unrestricted use, distribution, and reproduction in any medium, provided the original author and source are credited.



терілді. Жүргізілген зерттеулердің негізінде «Тургайская газета» басылымында жариялаған фольклорлық мәтіндер фольклортану ғылымы үшін құнды дерек көзіне жатады. Болашақта жинақталған материалдар негізінде жинақ шығару көзделеді.

Түйінді сөздер: қазақ фольклоры, Тургайская газета, мерзімді басылым, халық ауыз әдебиеті, этнографиялық мәліметтер, жазба мәдениет

Мүдделер қақтығысы:

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Мақаланың тарихы:

Түскен мерзімі: 05.09.2025

Баспаға қабылданған мерзімі: 02.11.2025

Кіріспе

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының рухани өмірінде үлкен өзгерістер орын алды. Әуелі баспасөздің қалыптасуы халықтың ақпаратты газет пен журналдар арқылы қабылдауына әсер етті. Кейіннен баспасөздің маңызы арта түсіп, халықтың көзі мен құлағына айналды. Дәл осы кезеңде жарық көрген «Тургайская газета» басылымы қазақ халқының рухани, мәдени, тарихи және әдеби өмірінің дамуына өзіндік үлесін қосты.

Қазақ фольклортану ғылымында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы мерзімді басылымдардың орны мен қызметі жан-жақты зерттелуде. Дегенмен де, кейбір басылымдарды зерттеу ісі әлі де толыққанды деңгейде қолға алынбаған. Қазіргі қазақ фольклортану ғылымының дамуына алғышарттар тудыратын, әлі де кешенді түрде зерттелмеген басылымдардың болуы, олардың ғылыми айналымға енгізілу қажеттілігі тақырыптың таңдалуына негіз болды. Мұндай аз зерттелген басылымдардың бірі – «Тургайская газета». Мақаланың басты мақсаты – «Тургайская газета» беттерінде жарияланған қазақ фольклор мұраларының мән-маңызына сипаттама беру. Сонымен қоса, «Тургайская газета» нөмірлерінде жарияланған қазақ фольклор үлгілерінің жиналу тәсілі мен фольклорлық шығармалар туралы зерттеулер ғылыми мақаланың өзектілігін арттырады.

Аталмыш мақалада қазақ фольклортану ғылымының теориялық және практикалық құндылығын арттыратын мәліметтер мен ақпараттар баяндалады. Мәселен, «Тургайские областные ведомости» (1891–1917) газетінің бейресми қосымшасы «Тургайская газета» (1895–1910) басылымы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстанның тарихында, рухани-мәдени болмысында терең із қалдырды (Перемыслов, 1891). Газетті шығаруды ұйымдастырған шенеунік – Торғай облысы баскармасының бөгде жұрттар мәселесі туралы кеңесшісі, қазақ халқының фольклоры мен этнографиясы туралы зерттеулер жүргізген оқымысты И.И. Крафт. Басылымында қазақ фольклорына, этнографиясына, тарихына қатысты деректер мен танымдық мақалалар тұрақты жарияланды (Тугай, 2018, б. 59).

Басылымда Ақтөбе, Ырғыз, Торғай, Қостанай өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық тыныс-тіршілігінің көріністері, қазақ халқының тарихы мен этнографиясына, фольклорына қатысты рухани мұралар орыс тілінде, сонымен қатар ішінара орыс әлібиіне негізделген қазақ тілінде де тұрақты түрде жарияланған. Облыс әкімшілігінің өкілдері И. Крафт, Н. Иванов, ветеринар-дәрігер А. Добросмыслов, ағартушы түрколог А. Алекторов, А. Васильев, қазақ зиялыларының алғашқы буындарының өкілдері Б. Қаратаев, С. Бабин, Х. Қаржасов, А. Сейдалин,

А. Байтұрсынов, А. Балғымбаевтар өңірдің ресми және бейресми басылымының жандануына белсене атсалысып, қазақ халқының тарихы мен рухани мұрасына қатысты материалдар мен өз зерттеулерін үзбей жариялап отырды. Әсіресе 1895 жылы «Тургайские областные ведомости» газетінің бейресми қосымшасы болып 15 жыл бойы шығып тұрған «Тургайская газета» қазақ тарихы мен оның мәдени-рухани болмысын тануға ерекше қызмет жасады.

Қазақ фольклорын жинау мен зерттеу бағыты бойынша төмендегідей ғылыми еңбектер басшылыққа алынды. Сондай-ақ бұл бағыттағы отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі еңбектеріне шолу жасалынды. Мәселен, N. Zhussupov және т.б. ғылыми мақалада қазақ фольклорының мақсатты түрде жинақталу жолдары мен зерттелу деңгейі туралы (Zhussupov, т.б., 2024) құнды материалдар жарияланса, Н.К. Жусупов және т.б. ғылыми мақалада XX ғасырдың басындағы қазақ фольклорын жинау әдістері (Жусупов, т.б., 2025) кешенді сипатталса, С.А. Қасқабасов, Ж.Т. Карипбаев (2024) «Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер», Melanie Meng. Xue (Xue, 2021), N. Zhussupov және т.б. «The kept samples of folklore: Problem of the edition of Mashkhur Zhussup's folklore book» зерттеу мақаласы (Zhussupov, т.б., 2017), S. Asylbekuly және т.б. «The appearance of folklore elements in the structure of modern stories in the form of details and character» (Asylbekuly, т.б., 2024), С. Medeubek «The essence and significance of folklore information» баяндалған зерттеу мақаласы (Medeubek, 2024) XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде мерзімді басылымдарда жарияланған қазақ фольклорының қалыптасуы мен жинақталуы туралы сөз етіледі.

Мерзімді басылымдар қазақтың әдебиетін, тарихын және рухани өмірін, құндылықтарын сақтау, келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды қызмет атқарады. Алайда кеңестік кезеңде таптық идеология әсерінен патшалық Ресей кезіндегі басылымдар мен материалдар толық зерттелмеді. Тәуелсіздік жылдарынан бастап бұл кемшіліктерді жоюға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап аталған кемшіліктерді жою бағытында көптеген жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, өткен ғасырдың 90-жылдары «Дала уалаятының газеті» (бұдан әрі ДУГ) (ДУГ, 1990; ДУГ, 1992; ДУГ, 1994), «Айқап» журналы (Айқап, 1995) және «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған таңдамалы материалдар жеке жинақ болып шықты (Қазақ, 1998; Қазақ 2018). Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде басталған бұл жұмыстар бүгінгі күнге дейін өз жалғасын тауып, Ресей империясы тұсында өмір сүрген ресми және бейресми мерзімдік басылымдарды, әсіресе ұлттық бағытта жұмыс жасаған «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттерін жинақ түрінде толық жариялау, оны зерттеу жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Бұл орайда, зерттеушілер назарынан әлі де болса тыс қалып келе жатқан басылымдар бар екенін атап өтуге болады. Ондай басылымдардың қатарына қазіргі Қостанай, Ақтөбе облыстарының территориясын қамтыған тарихи Торғай облысының ресми үнпарағы «Тургайские областные ведомости» (1891–1917) газета мен оның бейресми қосымшасы «Тургайская газета» (1895–1910) басылымдарын жатқызуға болады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында негізгі материал ретінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жарық көрген «Тургайская газета» (1895–1910) басылымы алынды. Аталмыш басылым қазақ фольклортану ғылымында кең көлемде арнайы

қарастырылмаған, аз зерттелген тарихи-мәдени объектілердің бірі болып табылады. Сондықтан зерттеу жұмысында «Тургайская газетаның» беттерінде жарияланған қазақ фольклорлық үлгілері ғылыми айналымға жаңа дереккөз ретінде ұсынылады.

Зерттеу нысаны ретінде газет беттерінде жарық көрген мақал-мәтелдер, ғұрыптық фольклорға қатысты мақалалар алынды. Бұл материалдар XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени бейнесін, халықтық дүниетанымын және рухани құндылықтарын айқындауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында түсіндіру, жинақтау, жүйелеу әдістер қолданылды.

Түсіндіру әдісі арқылы газеттің қалыптасуы, редакциялық бағыты, жалпы жұмыс істеу тетіктері түсіндіріліп, басылымдағы фольклор үлгілерін жариялауға атсалысқан тұлғалардың есімдері айқындалды. Бұл әдіс газет материалдарының жалпы мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік берді. Газет беттеріндегі мақал-мәтелдер мен ғұрыптық фольклор үлгілері топтастырылып, мазмұны бойынша жіктелді. Бұл кезеңде халық даналығы мен дәстүрлі мәдениетке қатысты мәтіндер сандық тұрғыдан талданып, олардың қайталану жиілігі мен тақырыптық ауқымы анықталды. Фольклорлық мәтіндердің жанрлық табиғаты анықталды.

Зерттеу кезеңдері бірнеше бағытты қамтиды. Әуелі «Тургайская газета» басылымының 1895–1910 жылдар аралығындағы барлық сандары шолынып, ондағы фольклорлық материалдар жинақталды. Содан кейін ертегілер, аңыздар мен тарихи жырлар мен ғұрыптық фольклор үлгілері іріктелді. Сұрыпталған материалдар жанрлық тұрғыда талданып, олардың халық өмірімен байланысы айқындалды.

Осылайша «Торғай газетасында» жарық көрген қазақ фольклорының үлгілері халық мұрасын сақтап жеткізудің, сондай-ақ қазақ әдебиетінің XX ғасыр басындағы даму үдерісін айқындаудың маңызды дереккөзі ретінде қарастырылды. Басылым материалдары сол дәуірдегі фольклорлық мәтіндердің қоғамдық-саяси жағдайлармен сабақтастығын көрсетіп, қазақ рухани мәдениетінің дамуындағы тарихи маңызын дәлелдейді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижесінде «Тургайская газета» беттерінде жарияланған бейресми бөлімінің қалыптасу себептері айқындалды, газеттің редакторлары туралы ақпараттар жүйеленді, орыс әліпбиіне негізделген қазақ тілінде жарияланған қазақ фольклор үлгілері анықталды. Газет бетінде қазақ фольклорына қатысты материалдарды белсенді түрде жариялаушы – А.А. Васильев, А.Е. Алекторов алғашқы қазақ ертегілер жарияланғандығы анықталды. Қарастырылып отырған мақалада тарихи аңыздар мен жырлар, мақал-мәтелдер, ертегі мәтіндерінің саны жинақталды.

Жалпы зерттелетін мәтіндердің сандық деректеріне назар аударсақ, топонимикалық эпсана (аңыз) саны – 6, наным-сенімге негізделген мақала саны – 3, ескі дәстүр жайлы мақала саны – 1, ертегі саны – 4, толғау саны – 1, тарихи жыр саны – 1, әңгіме саны – 1 және мақал-мәтел жинақталған мақала саны – 2.

Басылымның шығу төркіні патшалық Ресей заманындағы мерзімдік баспасөздің тарихымен тамырлас. Торғай өңірінің ресми газетін шығару жөніндегі бастаманы 1872 жылы облыс басшысы генерал-губернатор Н.А. Крыжановский көтеріп, оны Ішкі істер министрлігіне жолдайды. Далалық өлкелерді басқару жобасы күрделі жоспарды қажет ететін болғандықтан, Ішкі істер министрлігі бұл

бастаманы Айрықша Комиссияның қарауына жолдайды. Комиссия қарауына түскен бастаманы іс жүзінде жүзеге асыру жұмысы бірнеше жылдарға созылған кідіріске тап болады. 1876 жылы патша әкімшілігі қазақ даласындағы татар тілінің ықпалын азайту мақсатында орыс алфавитіне негізделген жазу енгізуді қолға алады. Осыны пайдаланған Н. Крыжановский 1879 жылы екінші мәрте Ішкі істер министрлігіне хат жолдап, облыстың ресми басылымын екі тілде орыс және орыс әліпбиіне негізделген қазақ тілінде ұйымдастырудың маңыздылығын және оны жүзеге асыру үшін екі шрифпен қамтамасыз етілген типографиялық баспахана қажеттілігін көлденең қояды. Бұл мәселе, әсіресе, типографиялық баспахана көп қаражатты қажет ететін болғандықтан, тағы да кейінге шегеріледі. Мәселенің шешімі 10 жылдан соң жүзеге асып, 1889 жылы орталық органдар Торғай облысының типографиялық баспаханасын ұйымдастыру және ресми басылымды шығаруға рұқсат береді. Соның нәтижесінде 1891 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Тургайские областные ведомости» (бұдан әрі ТОВ) атты апталық газеттің алғашқы саны жарық көреді және ол 1917 жылғы революцияға дейін үздіксіз шығып тұрады. Газеттің алғашқы редакциясын Торғай губернаторының кеңесшісі И.И. Крафт басқарды (Прокофьева, 2016, б. 107–110).

ТОВ газеті қазақ халқының фольклорлық туындыларын да жариялап отырды. Бұл орайда А.Васильевтің «Киргизские пословицы» (Перемыслов, 1892, №33–34), «Стихотворение по поводу посещения степи Наследником Цесароновичем, доставленное султаном Каратаевым» (Перемыслов, 1892, № 39–41). Аталған жариялымдар орыс әліпбиіне негізделген қазақ тілінде жарияланады.

Уақыт өте келе ТОВ газеті Торғай облысы әкімшілігінің ресми басылымы болғандықтан, зиялы қауым арасында облыстың жалпы бұқараға арналған газет шығару мәселесі көтеріле бастайды. Бұл мәселе әкімшілік тарапынан қолдау тауып, 1895 жылы ТОВ газетінің жексенбілік қосымшасын шығару қолға алынады. Ол басылым «Тургайская газета» (бұдан әрі ТГ) деп аталды. Оны ұйымдастыруға «Тургайские областные ведомости» газетінің редакторы И. Крафт жетекшілік жасайды (Тугай, 2018, 59 б.) және өзі оның алғашқы редакторы болады. Қазақ тарихы мен этнографиясы, фольклорлық туындыларын баспа бетінен жариялауға ерекше үлес қосқан И. Крафт сынды зерттеушінің редактор болуы басылым бетінде белгілі авторлар А. Алекторов, А. Васильев, А. Добросмысловтардың мақала жазу белсенділігіне ықпал етеді. Кейіннен А. Добросмыслов пен А. Васильевтер де бірнеше жыл газеттің редакторы болады.

А.И. Добросмыслов басылымға 1898 жылдан бастап жетекшілік жасайды. Ол газеттің редакторы болуымен қатар белсенді автор ретінде ерекшеленді. Оның ветеринарлық мазмұндағы және Торғай облысының тарихы туралы жазған мақалалары жеке кітап болып та жарияланды. Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы қызметін атқарған (1899–1894 жж.) А.В. Васильев те біршама уақыт «Тургайская газетаның» редакциясын басқарып, қазақ халқының фольклорына қатысты материалдарды басылым бетінде көптеп жариялайды. Ол бүгінгі таңдағы әрбір қазаққа таныс «Алдар көсе» (Алдаргөсе), «Қу Бекжан» (Хитрый Бекжан), «Тоғыз тоқылдақ, бір шіңкілдек» (Девять крикунов и один визгун), «Түлкі мен Салақбай» (Лиса и Салакбай) атты ертегілерді қазақ арасынан жазып алып, алғаш газетке жариялайды. А. Васильевтің қолына Ахмет Байтұрсыновтың әкесі Байтұрсын мен ағасы Ақтас Шошақовтар Сібірдегі 10 жылдық айдаудан жазасын өтеп елге оралғанда, Қарпық ақын айтқан атақты толғаудың тигені бүгінгі таңда белгілі болып отыр (Әбсадық, Қабылдинов, 2024, б. 62).

«Тургайская газета» басылымында белсенді автор ретінде белгілі болған тұлға – түрколог ағартушы А.Е. Алекторов. Ол А. Васильевтен кейін Торғай облысы халық мектептерінің инспекторы қызметін атқарып (1894–1902 жж.), сол тұста Қостанай қаласында өмір сүреді (Әбсадық, 2022, б. 76). Оның қаламынан қазақ тарихына, этнографиясы мен фольклорына қатысты маңызды зерттеулер мен жазбалары басылым бетінде жиі жарияланған. ТГ басылымының 1895 жылдың №39 санында Қостанай уезі Кеңарал болысының «Қарағайлы» орманын жайлайтын атақты әнші, жыршы Құрманбай туралы мақаласы (Перемыслов, 1895, № 39), бұдан соң оның «В гостях у старика Утетлеу» (Перемыслов, 1895, № 9), «Сказка Тлеули» (Перемыслов, 1895, № 11), «Тулеген. Киргизская сказка» (Перемыслов, 1896, № 96) т.б. туындыларды жарияланады.

«ТГ» басылымында қазақ оқығандары арасынан да редактор қызметін атқарған кісі болды. Айталық, Ы. Алтынсаринның шәкірті Әбдіғали Балғымбаев газет алғаш шыққан күндерінен бастап редакциямен байланыста болады. 1996 жылы оның «Қарабұтақ» (Перемыслов, 1896, № 74) атты корреспонденциясы басылым бетінде жарияланады. 1902–1904 жылдары Ә. Балғымбаев газеттің редакторы қызметін атқарады. Жалпы, аталмыш басылыммен қазақтың алғашқы оқығандары тығыз байланыста болады. Олардың қатарынан Хамза Қаржасов, Салық Бабин, Мейірман Бейсенов, Ахмет Байтұрсынұлы, Бейімбет Дауылбаев, Сейіл Қабақов, Рақым Тілеулин сынды қазақ оқығандарын атап өтуге болады. Сонымен қатар Д. Беркінбаев, Б. Қаратаев, Б. Наурызбаев, А. Бірімжанов сынды әкімшілік қызмет атқарған қазақ оқығандары да газетке мақалалар жариялап отырды.

Басылымда ағартушы қайраткер А. Байтұрсынұлының қазақ этнографиясы мен фольклорына қатысты мақалалары жарияланды. 1895 жылдың № 39 санында ағартушының қазақ фольклоры мен этнографиясына қатысты «Киргизские приметы и половицы» атты мақаласы (Перемыслов, 1895, № 39), 1896 жылдың № 60 санында «Корреспонденция (от нашего корреспондента) Бистамакская волость, Актюбинского уезда» (Перемыслов, 1896, № 60) деп аталатын жариялымдары жарияланған. Алғашқы мақала газет редакциясының өз оқырмандарына 1895 жылдың № 25 санында үндеу жасап, қазақ арасынан ауа-райы туралы ырым сөздерді жазып алып, түпнұсқада немесе орыс тіліне аударып жолдауларын сұрайды. Газеттің бұл бастамасына Бестамақ болысында ұстаздық қызметте жүрген А. Байтұрсынұлы үн қатып, қазақ халқының арасында күн райына қатысты айтылатын 36 түрлі ырым сөзді газет редакциясына жолдайды.

Ағартушының екінші бір жариялымына газет редакциясы «өз тілшімізден (коореспондент)» деп айдар тағады. Онда автор өзі ұстаздық еткен ауылда фельдшерлік пунктердің ашылып, онда жұқпалы шешекке (оспа) қарсы екпе егетін мамандардың қызмет ете бастағанын қуана хабарлайды (Перемыслов, 1896, № 60). Ағартушының аталмыш мақалаларының түпнұсқасы көп жылдарға дейін архивте сақталып, зерттеуші мамандарға белгісіз болып келді. Алайда 2019 жылы «Киргизские приметы и пословицы» (Әбсадық, 2019) және 2020 жылы «Корреспонденция» (Әбсадық, 2020) деген атаумен тұңғыш рет баспа бетінде қайта жарияланды. Осылайша газетте қазақ фольклоры үлгілері мен оған қатысты танымдық мақалалар жарияланғанын айқын көреміз.

Басылым қазақ арасынан шыққан атақты ағартушы ғалымдар Ш. Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, жоғары әкімшілік лауазымды қызмет жасаған А. Жантурин (Джантюрин) А. Сейдалин, халық батырлары Шақшақ Жәнібек, Жоламан Тіленшин т.б. тұлғалардың атқарған қызметтері мен ғұмырнамасына қатысты биографиялық

және деректік мазмұндағы мақалалардың жарық көруге мұрындық болады. Мысалы, Қостанай уезі басшысының аудармашысы Хамза Қаржасов газеттің 1895 жылғы № 34 санында «Из воспоминаний о султани Ахмеди Джантюрини» деп аталатын мақала жариялап, онда ол Шығыс Орданың (кейінгі Қостанай уезі) билеуші сұлтаны Ахмет Жантурин туралы мол мағлұматтар береді (Перемыслов, 1895, № 34). Торғай облысының тарихын зерттеген И. Крафт ХІХ ғасырдағы ұлт азаттық көтеріліс басшыларының бірі Жоламан Тіленшиннің қозғалысы туралы ел арасындағы әңгімені «Қырық жігіт, қырық қыз» (Қырк джигит, қырық қыз) деген тақырыппен басылымның 1903 жылғы № 20 санында жариялайды.

Басылым бетінде Орынбор өлкесіне саяси көзқарасы үшін Ресейдің орталық бөлігінен жер аударылып келген А. Степной (марксист А. Матов), Невольник (әзірге кім екені анықталған жоқ) деген бүркеншік атпен белгілі болған кісілер (Галиев, 2001, 23–24 б.) де атсалысты. Мысалы, А. Степнойдың «Гора-верблюди. Предание» (Перемыслов, 1896, № 10), «Из прошлого степей» (Перемыслов, 1896, № 29), «Из киргизских обрядов и поверий» (Перемыслов, 1897, № 62) деген атаумен жариялымдары жарияласа, Невольник (бүркеншік есім оның жер аударылып келгендігін айқын білдіреді) Кіші жүз ханы Әбілқайыр хан (Предание о киргиз-кайсаком хане Абулхайре) жайлы аңыз нұсқасын (Перемыслов, 1900, № 1) және қазақ жұртының ескі дәстүрі туралы «Гостеприимство киргиз в связи с гетеризмом» (Перемыслов, 1900, № 2–3) атты мақала жариялайды.

Басылым Торғай облысының жер-су атауларына, ескілікті қорғандар мен көне елді мекендердің тарихына үнемі назар салып отырды. Бұған мысал ретінде Қостанай уезі әкімшілігінің аудармашысы, қазақтың алғаш оқығандарының бірі Х. Қаржасовтың «Происхождение слов «Аман-карагай», «Наурзум», «Тырсек», «Толагай теппе», «Данабике», «Сары-Моюнь» (Перемыслов, 1895, № 26) деген топонимикалық әпсанасы, Елек (Ақтөбе) уезі басшысының кіші көмекшісі Дербісалды Беркінбаевтің «Древние развалины и курганы в Киргизской степи» (Перемыслов, 1895, № 38) атты жариялымын атап өтуге болады.

Газет бетіндегі мақалалар мен материалдардың өз заманында маңызды болғаны соншалық онда жарияланған зерттеулер мен фольклорлық туындыларды сол кездің өзінде-ақ жеке жинақ ретінде басып шығару жұмыстары да атқарылып отырды. Айталық, А. Добрасмысловтың Торғай облысының тарихы туралы зерттеулері, сондай-ақ қазақ фольклорының озық үлгілері жинақталған И. Крафтың «Из киргизской старины» (1900) жинағы жеке кітап болып басылып шықты.

Облыстық «Тургайские областные ведомости» ресми басылымы мен «Тургайская газета» атты бейресми қосымшасында жарияланған материалдардың ең маңызды үлгілеріне шолу жасалған қысқаша сипаттама аталмыш басылымдардың қазақ тарихы мен этнографиясын, фольклорын тану, оларды зерттеу бағытында маңызы зор екендігін танытады.

Қорытынды

Түйіндей келгенде, мақалада «Тургайские областные ведомости» (1891–1917) ресми басылымы «Тургайская газета» (1895–1910) атты бейресми бөлімде жарияланған қазақ фольклор үлгілері туралы мағлұматтар сипатталды. Мақалада «Тургайская газета» басылымының қазақ халқының рухани мұрасын толықтыруға, қазақ фольклорының жариялануы мен зерттелу мәселелері бойынша жаңа ғылыми талдау жүргізілді. Болашақта бұл зерттеу жұмысы бойынша іргелі жұмыстар атқарылатын болады.

Зерттеу барысында бұл материалдардың қазіргі фольклортану ғылымында әлі толық жүйеленбегені, сондықтан оларды кешенді түрде зерттеу қажеттілігі дәлелденді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, газет беттерінде жарияланған жырлар, аңыздар, мақал-мәтелдер мен этнографиялық очерктер – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының мәдени-әлеуметтік бейнесін айқын көрсететін бірегей деректер. Бұл зерттеу нәтижелері алдағы уақытта қазақ баспасөзі тарихы, фольклортану және этнография салаларында жаңа ғылыми еңбектердің жазылуына негіз бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру аясында жазылған. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP26199503).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- Әбсадық А., Қабылдинов З. Тауқымет (Ақымет Байтұрсынұлы қызметінің бел-белестері): құжаттар мен материалдар жинағы. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2024. 624 б.
- Әбсадық А. Серт: А. Байтұрсынұлының ұстаздық қызметі мен шығармашылығының беймәлім деректері: монографиялық зерттеу. Алматы: Арыс, 2022. 232 б.
- Әбсадық А., Арықбаев Ж. Көмбеден күмбірлеген әдеби мұра // Алаштың Мырзағазысы: қайраткерлік ғұмырнамасы және шығармашылық мұрасы атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (қазақ және орыс тілдерінде). Қостанай: Шапақ баспасы, 2019. 192 б.
- Әбсадық А. Бестамақтан жазылған беймәлім мақала (А. Байтұрсынұлының тағы бір мақаласы табылды) // Егемен Қазақстан, № 195. 2020.
- Галиев В.З. Казахстан на страницах дореволюционной печати: Сибирская газета, Тургайская газета. Алматы, 2001. 186 с.
- Дала уалаятының газеті (1895–1898). Алматы: Ғылым, 1990. 626 б.; Дала уалаятының газеті (1899–1902). Алматы: Ғылым, 1992. 576 б.; Дала уалаятының газеті (1888–1902). Алматы: Ғылым, 1994. 816 б.
- Жусупов Н.К., Баратова М.Н., Ибраева Ж.Б. Особенности собирания казахского фольклора и способы собирания фольклора начала XX века // Вестник Торайгыровского университета. Серия Филология. 2025. № 2. С. 185–197.
- Крафт И.И. Из киргизской старины. Оренбург: типо-лит. Ф.Б. Сачкова, 1900. 159 с.
- Қасқабасов С.А., Карипбаев Ж.Т. Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер // Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. № 3. 2024. Б. 142–152.
- Перемыслов М.А. Тургайские областные ведомости. Оренбург, 1891–1917.
- Прокофьева А.Г., Прокофьева В.Ю. Литературная жизнь Оренбургского края во второй половине XIX века: краеведческие материалы. Оренбург: Издательские решения, 2016. 166 с.
- Субханбердина, Ү., Дәуітов, С. Айқап. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. 367 б.
- Сұханбердина, Ү., Дәуітов, С., Сахов, Қ. Қазақ. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. 560 б.; Смағұлова, С., Әнес, Ғ., Замзаева, Т. Қазақ газеті. 1913 жыл. 2-ші басылым. Алматы: Арыс, 2018. 480 б.

- Тугай Т. Оренбургский путь А. Байтурсунова. Изд. 2-е, доп. Оренбург: ООО ИПК Университет, 2018. 253 с.
- Asylbekuly, S., Imangali, O., & Nabidullin, A.S. (2024). The appearance of folklore elements in the structure of modern stories in the form of details and character. *Journal Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series «Philological sciences»*, 2 (73), 291–308.
- Medeubek, C. (2024). The essence and significance of folklore information. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, 2 (147), 180–198.
- Stelios, M., Melanie, Meng. Xue. (2021). *Folklore. The Quarterly Journal of Economics*, 136, 4, 1993–2046.
- Zhussupov, N., Baratova, M., Zhussupova, G., Zhussupov, Ye., & Mukusheva, K. (2024). Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century. *Sci. Herald Uzhhorod Univ. Ser. Phys.*, 56, 833–843.
- Zhusupov, N., Shalabay, B., Baratova, M., Ibraeva, Z., Lapytova, Z., Mutalieva, R., Abdullayeva, K., & Sakenov, J. (2017). The kept samples of folklore: Problem of the edition of Mashkhur Zhussup's folklore book. *Journal Espacios*, 38 (55), 4.

References

- Asylbekuly, S., Imangali, O., & Nabidullin, A.S. (2024). The appearance of folklore elements in the structure of modern stories in the form of details and character. *Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL. Series Philological Sciences*, 2(73), 291–308.
- Absadyk, A., & Qabyldinov, Z. (2024). *Tauqymet (Akhmet Baitursynuly qyzmetinin bel-belesteri): quzhattar men materialdar zhinagy* [The hardships: Collection of documents and materials on Akhmet Baitursynuly's activity]. Almaty: Memlekettik til'd damytu instituty. (in Kaz.).
- Absadyk, A. (2022). *Sert: A. Baitursynulynyn ustazdyq qyzmeti men shygarmashylygynyn beimalim derekteri: monografiialyq zertteu* [Oath: Unknown facts of A. Baitursynuly's teaching activity and creativity: Monographic research]. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Absadyk, A., & Aryqbaev, Zh. (2019). Kombeden kumbirlegen adebi mura [Resonating literary heritage from the treasury]. In: *International scientific-practical conference proceedings "Alashtyn Myrzagazysy"* (p. 192). Kostanai: Shapak baspasy. (in Kaz.).
- Absadyk, A. (2020). Bestamaqdan zhazylgan beimalim maqala (A. Baitursynulynyn tagy bir maqalasy tablydy) [An unknown article written in Bestamak (Another article of A. Baitursynuly was found)]. *Egemen Qazaqstan*, 195. (in Kaz.).
- Dala ualaitynyn gazeti (1888–1902). (1994). [Newspaper of the steppe Walayat]. Almaty: Gylym. (in Kaz.).
- Dala ualaitynyn gazeti (1895–1898). (1990). [Newspaper of the steppe Walayat]. Almaty: Gylym. (in Kaz.).
- Dala ualaitynyn gazeti (1899–1902). (1992). [Newspaper of the steppe Walayat]. Almaty: Gylym. (in Kaz.).
- Galiev, V.Z. (2001). *Kazakhstan na stranitsakh dorevoliutsionnoi pechati: Sibirskaia gazeta, Turgaiskaia gazeta* [Kazakhstan on the pages of pre-revolutionary press: Siberian newspaper, Turgay newspaper]. Almaty. (in Russ.).

- Kaskabasov, S.A., & Karipbaev, Zh.T. (2024). Alash adebietindegi fol'klorlyk negizder [Folkloric foundations in Alash literature]. *Eurasian Humanities University Bulletin*, 3, 142–152. (in Kaz.).
- Kraft, I.I. (1900). *Iz kirgizskoi stariny* [From Kyrgyz antiquity]. Orenburg: Typo-lit. F.B. Sachkova. (in Russ.).
- Medeubek, S. (2024). The essence and significance of folklore information. *Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series*, 2(147), 180–198.
- Peremyslov, M.A. (1891–1917). *Turgaiskie oblastnye vedomosti*. [Turgay regional statements]. Orenburg. (in Russ.).
- Prokofieva, A.G., & Prokofieva, V.Yu. (2016). *Literaturnaia zhizn' Orenburgskogo kraia vo vtoroi polovine XIX veka: kraevedcheskie materialy* [The literary life of the Orenburg region in the second half of the 19th century: Local history materials]. Orenburg: Izdatel'skie resheniia. (in Russ.).
- Subkhanberdina, U., & Dautov, S. (1995). *Aiqap* [Aiqap]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy. (in Kaz.).
- Sukhanberdina, U., Dautov, S., & Sakhov, Q. (1998). *Qazaq* [Kazakh]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy. (in Kaz.).
- Smagulova, S., Anes, G., & Zamzaeva, T. (2018). *Qazaq gazetі*. [Kazakh newspaper]. Vol. 1913. 2nd ed. Almaty: Arys. (in Kaz.).
- Tugai, T. (2018). *Orenburgskii put' A. Baitursunova*. [The Orenburg path of A. Baitursynov]. 2nd ed. Orenburg: OOO IPK Universitet. (in Russ.).
- Zhussupov, N., Baratova, M., Zhussupova, G., Zhussupov, Ye., & Mukusheva, K. (2024). Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the first half of the XX century. *Sci. Herald Uzhhorod Univ. Ser. Phys.*, 56, 833–843.
- Zhusupov, N.K., Baratova, M.N., & Ibraeva, Zh.B. (2025). Osobennosti sobiraniia kazakhskogo fol'klora i sposoby sobiraniia fol'klora nachala XX veka [Features of collecting Kazakh folklore and methods of collecting folklore of the early 20th century]. *Vestnik Toraigrovskogo universiteta. Seriya Filologiya*, (2), 185–197. (in Russ.).
- Zhusupov, N., Shalabay, B., Baratova, M., Ibraeva, Z., Lapytova, Z., Mutalieva, R., Abdullayeva, K., & Sakenov, J. (2017). The kept samples of folklore: Problem of the edition of Mashkhur Zhussup's folklore book. *Journal Espacios*, 38(55), 4.

А.А. Абсадык, А.А. Макатова

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова

Костанай, Казахстан

«ТУРГАЙСКАЯ ГАЗЕТА» И КАЗАХСКИЙ ФОЛЬКЛОР

Аннотация. В статье в качестве объекта исследования рассматривается периодическое издание «Тургайская газета», выходившее в конце XIX – начале XX века. Это одно из изданий, сыгравших особую роль в сохранении фольклора и этнографического наследия казахского народа. В работе анализируются история выхода «Тургайской газеты», личности, руководившие изданием, а также фольклорные произведения, опубликованные на страницах газеты. Кроме того, приводятся новые сведения об исторических материалах, связанных с изданием, и о публикации произведений казахского фольклора. При написании статьи использовались методы сбора, описания и анализа произведений казахского

фольклора. Данное издание рассматривается как актуальный объект исследования для казахской фольклористики. В статье подчеркивается важность более глубокого изучения «Тургайской газеты». Представлены новые данные о публикациях, размещенных в издании, включая материалы о распространении произведений казахского фольклора в печатном формате. Также рассматриваются личности редакторов газеты и тематические особенности их статей. На страницах данного издания систематически публиковались сведения о жизни и подвигах казахских батыров и исторических личностей, народная мудрость, легенды, сказки, пословицы и поговорки. Приведены примеры, включающие произведения казахского фольклора. На основе проведенного исследования установлено, что фольклорные тексты, опубликованные в «Тургайской газете», являются ценным источником для фольклористики. В дальнейшем планируется подготовка сборника на основе собранных материалов.

Ключевые слова: казахский фольклор, Тургайская газета, периодическое издание, устное народное творчество, этнографические сведения, письменная культура.

A.A. Absadyk, A.A. Makatova

*A. Baitursynuly Kostanay Regional University
Kostanay, Kazakhstan*

TURGAY NEWSPAPER AND KAZAKH FOLKLORE

Abstract. The article examines the periodical “Turgay Newspaper,” published in the late 19th and early 20th centuries, as an object of research. This newspaper is one of the publications that played a significant role in preserving the folklore and ethnographic heritage of the Kazakh people. The study analyzes the history of the newspaper’s publication, the figures who headed the editorial work, and the folklore materials printed in its issues. The article also provides new information on historical data related to the newspaper and on the publication of Kazakh folklore works. The research employs methods of collecting, describing, and analyzing Kazakh folklore materials. “Turgay Newspaper” is considered a relevant subject of study for Kazakh folklore studies. The article highlights the importance of conducting a more in-depth analysis of this publication. New data are presented regarding the materials published in the newspaper, including information about the dissemination of Kazakh folklore texts in print. The article also discusses the editors of the newspaper and the thematic features of the articles they published. The newspaper regularly featured materials on the lives and heroic deeds of Kazakh batyrs and historical figures, as well as examples of folk wisdom, legends, fairy tales, and proverbs. Examples containing Kazakh folklore works are provided. Based on the conducted research, it is determined that the folklore texts published in “Turgay Newspaper” constitute a valuable source for folklore studies. A compiled volume based on the collected materials is planned for future publication.

Keywords: Kazakh folklore, Turgay Newspaper, periodical publication, oral folklore, ethnographic data, written culture.

Авторлық үлестер

Әбсадық А.А. – тұжырымдама, деректерге жетекшілік ету, әдіснама, талдау, визуалдау, бастапқы жобаны жазу.

Макатова А.А. – тексеру, ресурстар табу, қадағалау, толықтыру, редакциялау.